

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің
09.09.2021 ж. шешімімен бекітілді
№14/2021 хаттама**

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕТҰ
КОНТРАГЕНТТЕРІНІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ**

Нұр-Сұлтан қ., 2021

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ Контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚМГ Іскерлік этика кодексіне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатқа және ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат ҚМГ Контрагенттерінің сенімділігіне тексеру жүргізу, сондай-ақ Контрагенттер туралы ақпаратты талдау, өңдеу және сақтау тетігін реттейді.

1.3. Осы саясаттың мақсаты ҚМГ немесе оның ЕТҰ үшін материалдық және материалдық емес залалдың туындау тәуекелдерін төмендету, сенімсіз Контрагенттермен өзара қарым-қатынастарды шектеу, сондай-ақ ҚМГ мен оның ЕТҰ үшін қаржылық, сыбайлас жемқорлық, беделдік және өзге де тәуекелдерді болдырмау болып табылады.

1.4. Саясат тауар биржалары арқылы немесе электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында сатып алуды жүзеге асыру барысында Контрагентті тексеру процедураларын реттемейді.

1.5. Саясат ҚМГ тобына кіретін компаниялардың еңбек қатынастарына, сондай-ақ олардың арасында жасалған шарттарға қолданылмайды.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Саясат:

2.1.1. ҚМГ;

2.1.2. ҚМГ еншілес ұйымдары;

2.1.3. бірлесіп бақыланатын осындай ұйымға басқа акционерлердің/қатысушылардың қарсылығы болмаған кезде ҚМГ бірлесіп бақыланатын ұйымдары;

2.1.4. ҚМГ компаниялар тобының қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісі бойынша шоғырландырылатын ҚМГ бірлескен кәсіпорындарына қатысты қолданылады.

2.2. Егер ЕТҰ-дың ішкі нормативтік құжаттарында немесе ЕТҰ орналасқан елдердің заңнамасында Саясат ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптар белгіленсе, онда ЕТҰ-дың ішкі нормативтік құжаттарының ережелері немесе заңнама талаптары қолданылады.

2.3. Саясат KMG International N. V компаниялар тобына қатысты қолданылмайды.

2.4. Саясат жер қойнауын пайдаланушы компанияларды қоспағанда, ҚМГ компаниялар тобының (қаржылық есептілік мақсаттары үшін Шоғырландырылмаған компаниялар) қаржылық инвестицияларына қолданылмайды.

2.5. ҚМГ ЕТҰ саясатын қолдану осыған ұқсас саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе ҚМГ ЕТҰ ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте осы Саясатта көзделген талаптар ҚМГ ЕТҰ-дың осыған ұқсас саясаттарында және ішкі құжаттарында төмендетілмеуге тиіс.

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Үлестестік	Жеке немесе заңды тұлғалардың (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) шешімдерді тікелей және/немесе жанама айқындауға және/немесе бір-бірі немесе тұлғалардың бірі қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал ету қабілеті.
Жақын туыстары	Ата-анасы (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.
Лауазымды тұлғалар	1) заңға, өзге де құқықтық актіге немесе құжатқа сәйкес ҚМГ атынан әрекет етуге уәкілетті тұлғалар; 2) ҚМГ Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері.
ЕТҰ	Еншілес ұйымдар және тәуелді қоғамдар, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдар және ҚМГ бірлескен кәсіпорындары.
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.
Сұрау салу бастамашысы	ҚМГ құрылымдық бөлімшесінің Контрагентті тексеруге өтінімді ресімдеу үшін және жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберу үшін жауапты жұмыскері.
Инвестициялық жоба	Инвестициялық жоба - экономикалық пайда алу мақсатында жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңартуға, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуға инвестицияларды көздейтін өзара байланысты іс-шаралар кешені.
Контрагент	ҚМГ онымен шарт/келісім жасаған немесе жасауды жоспарлаған жеке немесе заңды тұлға.
Мүдделер қақтығысы	ҚМГ Жұмыскерінің немесе лауазымды тұлғасының жеке пайдасы немесе қызметі ҚМГ мүдделеріне қайшы келетін немесе оларға ықтимал қайшы келуі мүмкін және сол арқылы олардың лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін және ҚМГ-ге қатысты мәселелер бойынша шешімдердің объективтілігіне әсерін тигізуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар.
Саяси маңызды тұлға	1) Мемлекеттік қызметші - мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе

	жергілікті бюджеттерден немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы; 2) Лауазымды тұлға - тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлға; 3) Шетелдік лауазымды тұлға - шетелдік жария жиналыс мүшелерін, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларын, халықаралық парламенттік жиналыс мүшелерін, шет мемлекеттің судьялары мен халықаралық соттың лауазымды тұлғаларын, сондай-ақ шет мемлекеттің қарулы күштері мен өзге де әскери құралымдарындағы лауазымды тұлғаларды қоса алғанда, шет мемлекеттің лауазымды тұлғасы.
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары.
Айқындама деректер	Контрагенттің атауы/ТАӘ (жеке кәсіпкер болған жағдайда), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) және басқа да деректер.
Жұмыскер	ҚМГ-мен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын тұлға, сондай-ақ агенттік және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт арқылы шарт бойынша тартылатын өзге де тұлғалар.
Жекжаттар	Жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары.
Жауапты бөлімше	Комплаенс қызметі (ҚМГ Контрагенттеріне қатысты), құрылымдық бөлімше/ЕТҰ Контрагенттеріне тексеру жүргізуге жауапты тұлға (ЕТҰ Контрагенттеріне қатысты).

4. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

4.1. ҚМГ Контрагенттермен шарттық қатынастарға кіргенге дейін немесе шарттық қатынастар кезінде олардың сенімділігін тексеруді жүзеге асырады. Саясатта сипатталған процедуралар ҚМГ-нің барлық жаңа және қолданыстағы Контрагенттеріне қатысты қолданылуға тиіс:

- Контрагентпен шарт жасалғанға дейін;
- әрекеттегі Контрагентпен шарттық қатынастар сақталған жағдайда әрбір екі жыл сайын;

- Контрагенттің негізгі тұлғаларының және/немесе меншік иелерінің/бенефициарлық иелерінің ауысуы туралы ақпаратты белгілеу жағдайында келісімшарттық қатынастар кезінде .

4.2. Контрагенттерді санаттау

4.2.1. ҚМГ Контрагенттердің сенімділігін тексеру кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді пайдаланады.

4.2.2. Осы Саясатқа сәйкес ҚМГ барлық Контрагенттері келесі санаттарға бөлінеді:

- I топтың Контрагенттері,
- II топтың Контрагенттері.

4.2.3. I топтың Контрагенттеріне мыналар жатады:

- «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тиесілі ұйымдар;

- мемлекеттік органдар мен ведомстволар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, соттар;

- Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің иелігіндегі және бақылауындағы ұйымдар;

- табиғи монополиялар;

- DAX 30, CAC40, S&P500, EURO STOXX 50, Hang Seng Index және Nikkei 225 индекстеріне кіретін ірі трансұлттық компаниялар;¹²³⁴⁵⁶

- Қазақстан және Ресей қор биржаларында, «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасында сауда-саттық жүргізетін және тоқсан сайын есептіліктің ашылуын ұсынатын Акционерлік қоғамдар;

- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінен жер қойнауын пайдалануға келісімшарты бар жер қойнауын пайдаланушылар;

- Көктемгі-күзгі дала жұмыстары кезеңінде дизель отынын жеткізу бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Кестесіне сәйкес облыс Әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы басқармаларының бөлу тізімдеріне сәйкес міндеттемелерді орындау шеңберіндегі Контрагенттер;

- Күзгі-қысқы кезендерде әлеуметтік- өндірістік объектілер мен мекемелерге мазут жеткізу бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Кестесіне сәйкес облыс Әкімдіктерінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармаларының бөлу тізімдеріне сәйкес міндеттемелерді орындау шеңберіндегі Контрагенттер;

- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын жеткізу жөніндегі ай сайынғы жоспарларына сәйкес, оның ішінде электрондық сауда алаңдары арқылы

¹ <https://www.marketscreener.com/DAX-7395/components/>

² <https://www.marketscreener.com/CAC-40-4941/components/>

³ <https://www.marketscreener.com/S-P-500-4985/components/col=&asc=0&fpage=7>

⁴ <https://www.marketscreener.com/EURO-STOXX-50-7396/components/>

⁵ <https://www.marketscreener.com/HANG-SENG-101835/components/>

⁶ <https://www.marketscreener.com/NIKKEI-225-4987/components/>

және электрондық сауда алаңдарынан тыс жеткізу жоспарлары бойынша міндеттемелерді орындау шеңберіндегі Контрагенттер;

- мұнай өңдеу зауыттарының мұнай берушілері.

4.2.4. I топқа жататын ҚМГ Контрагенттері одан әрі тексеруге жатпайды.

4.2.5. II топтың Контрагенттеріне мыналар жатады:

- Осы Саясатқа сәйкес тауарларды/қызметтерді/жұмыстарды сатуды/сатып алуды, негізгі құралдарды құндық лимиттен жоғары сатып алуды жүзеге асыратын К⁷онтрагенттер;

- I топқа жатпайтын банктер, сақтандыру компаниялары және басқа қаржы институттары (лимитсіз);

- Қауымдастықтар, қорлар, одақтар, кооперативтер, сауда палаталары және басқа да коммерциялық емес ұйымдар (лимитсіз);

- ҚМГ активтері мен негізгі құралдарын атаулы өткізуге қатысатын Контрагенттер (лимитсіз);

- ҚМГ инвестициялық жобаларына қатысатын Контрагенттер (лимитсіз).

4.3. Контрагенттің сенімділігін тексеру түрлері

4.3.1. Саясаттың срсжелеріне сәйкес Контрагентті тексерудің келесі түрлері көзделген:

- Контрагентті кешенді тексеру,
- Контрагентті лимиттелген тексеру,
- Сұрау салу бойынша Контрагентті тексеру.

4.3.2. Контрагентті кешенді тексеру

Контрагентті кешенді тексеру үшін мынадай жағдайлар негіз болып табылады:

- әлеуетті Контрагенттен сатып алу бір көзден жүргізілетін болса, II топқа жатқызылған Контрагенттермен жасалған мәмілелер (4.3.3-тармақта айтылған жағдайларды қоспағанда);

- Инвестициялық жоба (басқа компанияның жарғылық капиталындағы үлесті/акцияны сатып алу, ҚМГ стратегиялық жобалары, оның ішінде өндірісті кеңейту, өндірістік қуаттарды жаңғырту және т. б.);

- ҚМГ компанияларындағы үлесті қоса алғанда, ҚМГ активтері мен негізгі құралдарын үшінші тұлғаларға өткізу (атаулы өткізу жағдайында);

- мұнай өңдеу зауыттарының берушілері - ҚМГ ЕТҰ.

4.3.3. Контрагентті лимиттелген тексеру

Контрагентті лимиттелген тексерудің негіздері мынадай жағдайлар болып табылады:

- Тендер өткізу, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен, бәсекелестік келіссөздер жүргізу тәсілімен кез келген сатып алуды жүзеге асыру («Самұрық-Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу стандарттарының ережелеріне сәйкес әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға бір бас тартылмаған өтінімінің болуына немесе әлеуетті өнім берушінің бір бас тартылмаған баға

⁷ "Инвестициялық жоба" анықтамасына сәйкес келмейтін негізгі құралдар

ұсынысының болуына байланысты өткізілген бәсекелес тендерлік процедура өткізілмеді деп жарияланған жағдайда ұйымдастырылған).

4.3.4. • Сұрау салу бойынша Контрагентті тексеру.

Контрагентті тексеру үшін ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелерінен, Басқарма мүшелерінен, құрылымдық бөлімшелерінен сенімділікті, ықтимал үлестестікті, мүдделер қақтығысын және/немесе өзге де тәуекелдерді белгілеу мәніне ресми сұрау салулар негіз болып табылады.

Контрагентті сұрау бойынша тексеру кешенді түрде де, жекелеген фактілерді тексеру мақсатында да болуы мүмкін.

4.4. Құндық лимиттер

4.4.1. ҚМГ құндық лимиттерді анықтауға консервативті, тиісті сақтықпен, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сондай-ақ ішкі ресурстармен қамтамасыз етілуді ескере отырып кірісуге тиіс.

4.4.2. Құндық лимит Контрагентті тексеруге өтінім жіберілген күнге сатып алудың жылдық жоспарының 0,05% құрайды.

4.4.3. Олармен жасалған шарт бойынша жалпы сомасы құндық лимиттен төмен белгіленген II топтың Контрагенттері әрі қарай тексеруге жатпайды. Егер Контрагентпен құндық лимиттен төмен бірнеше шарт жасалса, бұл ретте мұндай шарттардың жалпы сомасы құндық лимитке жетсе, мұндай Контрагент осы Саясатқа сәйкес тексерілуге тиіс.

4.5. Контрагенттің сенімділігін тексеруге бастамашылық ету процесі

4.5.1. Контрагенттің сенімділігін тексеруді бастау алдында Сұрау салу бастамашысы Контрагентті тексеруге өтінімді ресімдейді және Жауапты бөлімшеге жібереді.

4.5.2. Сұрау салу бастамашысы - ҚМГ құрылымдық бөлімшесінің жұмыскері, ол:

- сатып алудың бастамашысы болып табылады,
- инвестициялық жобаны жүзеге асырады,
- активті атаулы өткізу үшін жауапты,
- мұнай өңдеу зауыттарында берушілермен жұмыс істеуге жауапты,
- құрылымдық бөлімшенің басшысы болып белгіленген болады.

4.5.3. Сұрау салу бастамашысы Жауапты бөлімшеге сұрау жібергенге дейін келесі қадамдар үшін жауапты болады:

- осы Саясаттың талаптарына және құн лимиттеріне сәйкес Контрагенттер туралы деректерді толық ұсынвлуы;
 - Контрагентті қажетті топқа (I немесе II) санаттарға бөлу және оның тексеруден алып тастау тізімінде болуы (I топ);
 - I топқа кіретін Контрагенттен Контрагенттің толық толтырылған сауалнамасын (№1 қосымшаны қараңыз), сондай-ақ оны тексеру үшін қажетті құжаттарды (№2 қосымшаны қараңыз) сұрату
 - 2-қосымшаға сәйкес барлық қажетті құжаттардың ұсынылғаны туралы куәлік.
- Қажет болған жағдайда, Сұрау салу бастамашысы жоқ құжаттарды сұратуға міндетті.

Егер қандай да бір құжаттарды беру мүмкін болмаса, Сұрау салу бастамашысы Контрагенттен мұндай құжаттардың болмау себептерін түсіндіруді сұратуға міндетті;

- Контрагентті тексеруге арналған өтінім шеңберінде барлық ұсынылған құжаттарды Жауапты бөлімшеге жолдау.

4.5.4. Жауапты бөлімше Контрагенттің уақытылы тексерілуіне, осы Саясаттың №3 қосымшасында айқындалған нысан бойынша алынған сұрау салулардың, жүргізілген тексерулердің (сұрау салу күнін, есеп беру күнін және тексеру түрін қоса алғанда) тізілімін жүргізуге жауапты болады.

5. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

Контрагенттің сенімділігін кешенді тексеру

5.1. Контрагентті кешенді тексеру Контрагентті толық тексеруді білдіреді және төмендегідей жүзеге асырылады:

5.1.1. Заңды тұлғалар үшін Жауапты бөлімшенің жұмыскері ашық ақпарат көздерін (ақпараттық-анықтамалық жүйелерді) пайдалана отырып, Контрагент туралы барынша қолжетімді мәліметтерді жинауға және төмендегілерді тексеруге тиіс:

- Контрагенттің негізгі тіркеу деректері, оның ішінде құқықтық мәртебесі (қолданыстағы/қолданыстағы емес), негізгі және қосымша қызмет түрлері, басшы және иеленушісі немесе иеленушілері туралы деректер (мүмкіндігінше, жеке тұлғаға немесе тұлғаларға дейін иелікті белгілеу қажет), лицензиялардың болуы. Егер тексерілетін Контрагенттің мажоритарлық иеленушісі (50 проценттен астам иелену үлесі бар заңды тұлға) I топтағы компаниялар санатына жататын болса, осы Контрагентті тексеру тоқтатылуы мүмкін. Олай болмаған жағдайда, Жауапты бөлімшенің жұмыскері келесі қадамдарға көшеді;

- Контрагенттің басшысы және/немесе иеленуші/бірлескен иеленуші саяси маңызды тұлға емес пе;

- Контрагенттің басшыларын және/немесе иелерін/бірлескен иелерін әкімшілік / қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілерін, салық берешегінің болуын анықтау;

- заңды және нақты мекенжайды, олардың жаппай тіркелген мекенжай емес екенін, Контрагенттің тұрғын үйде тіркелмегенін тексеру;

- салықтық есепке қою, салықтық аударымдардың серпіні, салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің болуы немесе болмауы;

- Контрагентке қатысты ағымдағы сот талқылауларының, банкроттық іс жүргізудің немесе атқарушылық іс жүргізудің болуы;

- жылжымалы және жылжымайтын мүлікке, ақша қаражатына ауыртпалықтардың болуы;

- соңғы қолжетімді қаржы жылы үшін бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің болуы;

- Контрагент/басшы және/немесе иеленуші/бірлескен иеленуші шетелдік (соның ішінде оффшорлық) юрисдикцияларда тіркелуі не тіркелмеуі;

- Контрагент/басшы және/немесе иеленуші/бірлескен иеленуші ортақ бенефициарлары, мекенжайы, телефон нөмірі, e-mail немесе веб-сайты бар ҚМГ-нің басқа Контрагенттерімен үлестес болуы не болмауы;

- Контрагенттің заңнамада белгіленген лимиттен аз жарғылық капиталы бар ма;

- Контрагенттің «Самұрық-Қазына» АҚ мемлекеттік сатып алу мен сатып алудың жосықсыз өнім берушілері тізімінде болуы;
- Контрагенттің жер қойнауын пайдалану туралы заңды бұзуының болуы;
- Контрагент басшысында/құрылтайшысында атқарушылық іс жүргізу және елден кетуге тыйым салудың болуы;
- Мемлекеттік кірістер комитетінің санаттарға бөлу нәтижелері бойынша Контрагенттің тәуекел дәрежесін анықтау. Тәуекелдің жоғары дәрежесін анықтаған кезде Контрагентті қызыл аймаққа белгілеу;
- Контрагент басшысы оның жалғыз құрылтайшысы болып табыла ма;
- Контрагенттің өзінің корпоративтік веб-сайты бар ма;
- Контрагенттің басшысы және/немесе иеленуші/бірлескен иеленуші бес немесе одан да көп Контрагенттік компаниялардың басшысы болып табыла ма;
- Контрагент дәл келісімшарт жасау алдында (360 күн және одан аз) тіркелген бе;
- Контрагент келісімшарт жасаудың болжамды күнінен кейін тіркелген бе;
- Контрагент тендерлік комиссия мүшелерімен байланысты ма;
- Контрагент әрекет етпейтін заңды тұлға болып табыла ма;
- Контрагент жекешелендіру тізімдерінде тұр ма;
- ашық ақпарат көздерінде, сондай-ақ Жауапты бөлімшеге ресми қолжетімді дереккөздерде қолжетімді теріс сипаттағы өзге де мәліметтер;
- келесі тізімдерде Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иесінің/бірлескен иесінің болуы:
 - Контрагенттің басшысы және/немесе иеленуші/бірлескен иеленуші ҚМГ жұмыскері болып табыла ма;
 - Контрагент, оның басшылары немесе оның бенефициарлық иеленушісі «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін оффшорлық аймақтар тізбесіне жататын юрисдикцияларда тіркелмеген бе;
 - жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардағы мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты тіркеу және жүргізуге арналған журналда Контрагент басшысының және/немесе иеленушісінің/қоса иеленушісінің қатысуын тексеру;
 - Контрагент мемлекеттік сенімсіз Контрагенттер тізіліміне енгізілді ме;
 - Контрагенттің/иеленушінің/басшының санкциялық тізімдерде (әлеуетті шетелдік Контрагенттер үшін – халықаралық және біржақты), Қазақстан Республикасының аумағында қызметіне тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдар тізімінде болуы туралы мәліметтер;
 - Контрагенттің, оның басшысының және/немесе иеленушісінің/қоса иеленушісінің ҚМГ/»Самұрық-Қазына» АҚ үлестес тұлғаларының тізімдерінде болуы туралы мәліметтер;
 - Контрагент/басшы және/немесе иеленуші ҚМГ-нің «Жедел желісіне» өтініштер тізілімінде бар ма;

- Контрагент ҚМГ алдында мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар борышкерлер тізімінде немесе наразылық жұмысы жүргізіліп жатқан ҚМГ Контрагенттерінің тізімінде тұр ма;

- Контрагент ТМД елдерінің аумағында қызметіне тыйым салынған компаниялар тізімінде тұр ма;

- Контрагент/басшы және/немесе иеленуші/бірлескен иеленуші сыбайлас жемқорлық / экономикалық қылмыстар үшін іздеушілер тізімінде ме;

- Контрагент/басшы және/немесе иеленуші/бірлескен иеленуші экстремистік іс-қимылға немесе терроризмге қатысы бар деген мәліметтер бар ұйымдар/жеке тұлғалар тізімінде бар ма.

Тізім толық болып табылмайды және Жауапты бөлімше жұмыскерлерінің тексеруі кезінде толықтырылуы мүмкін.

5.1.2. Жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін Жауапты бөлімшенің жұмыскері ашық ақпарат көздерін (ақпараттық-анықтамалық жүйелерді) пайдалана отырып, барынша қолжетімді мәліметтерді жинауға және төмендегілерді тексеруге тиіс:

- төлқұжат деректерінің немесе жеке басын куәландыратын құжаттың сәйкестігі, тіркелген мекенжайы, осы тұлғада бірнеше құжаттың болуы мүмкіндігін анықтау;

- Контрагенттің жеке кәсіпкер ретінде тіркелуін растау және осындай тұлғаның кәсіпкерлік қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату фактісін анықтау;

- Контрагент саяси маңызды тұлға емес пе;

- Контрагент ҚМГ жұмыскері болып табыла ма;

- құрылтайшысы, қатысушысы және/немесе басшысы осы Контрагент болып табылатын заңды тұлғаларды анықтау;

- тұлғаның жұмыс істемейтін заңды тұлғаларға қатысуын тексеру;

- салықтар мен атқару парақтары бойынша берешекті тексеру;

- Контрагентті қылмыстық, әкімшілік жауапкершілікке тарту, іздеуде болу, сот дауларына қатысу фактілері, сот процестері нәтижелерінің немесе шектеулердің болуы (мысалы, елден кетуге);

- Контрагенттің қылмыстық және басқа іздестіруде болуы;

- Контрагенттің шетелдік (оның ішінде оффшорлық) юрисдикцияларда тіркелуінің болуы;

- Контрагенттің ортақ мекенжайы, телефон нөмірі, e-mail немесе веб-сайты бар басқа Контрагенттермен үлестес болуы;

- Контрагент тендерлік комиссия мүшелерімен байланысты ма;

- Контрагенттің келесі тізімдерде болуы:

- Контрагент ҚМГ алдында мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар борышкерлер тізімінде немесе наразылық жұмысы жүргізіліп жатқан ҚМГ Контрагенттерінің тізімінде тұр ма;

- Контрагент ТМД елдерінің аумағында қызметіне тыйым салынған компаниялар тізімінде тұр ма;

- Контрагент ҚМГ-нің «Жедел желісіне» өтініш бергендердің тізілімінде бар ма;

- Контрагенттің ҚМГ/»Самұрық-Қазына» үлестес тұлғаларының тізімінде болуы туралы мәліметтер;

- Контрагент сыбайлас жемқорлық/экономикалық қылмыстар үшін іздеуде болғандардың тізімінде ме;

- Контрагент олардың экстремистік әрекетке немесе терроризмге қатысы бар екендігі туралы мәліметтер бар ұйымдардың/жеке тұлғалардың тізімінде бар ма;

– санкциялық тізімдерде болуы туралы мәліметтер (халықаралық және біржақты-әлеуетті шетелдік Контрагенттер үшін);

- жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы ішкі құжатқа сәйкес Контрагенттің Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты тіркеу және жүргізуге арналған журналға қатысуын тексеру;

• ашық ақпарат көздерінде, сондай-ақ Жауапты бөлімшеге ресми түрде қолжетімді дереккөздерде теріс сипаттағы өзге де қолжетімді мәліметтер.

Тізім толық болып табылмайды және Жауапты бөлімше жұмыскерлерінің тексеруі кезінде толықтырылуы мүмкін.

5.2. Контрагенттердің тәуекел деңгейлерін жіктеу

5.2.1. II топтың барлық Контрагенттеріне Жауапты бөлімше тексеру барысында мынадай тәуекелдер деңгейлерін береді:

- Тәуекелдің жасыл деңгейі;
- Қызғылт сары тәуекел деңгейі;
- Тәуекелдің қызыл деңгейі.

5.2.2. Тәуекелдің **жасыл** деңгейі олар бойынша Контрагенттің қызметі бойынша да, оның нарықтағы беделі бойынша да теріс ақпарат табылмаған бенефициарлар, басшылар анықталған Контрагенттерге беріледі. Бұдан басқа:

• мүдделер қақтығысы, санкциялар тізімімен байланыс, саяси маңызды тұлғалармен байланыс, террористік және тыйым салынған ұйымдармен байланыс анықталмаған;

• Контрагентпен ешқандай талап қою жұмысы жүргізілмеген;

• Контрагенттің төлем тәртібі ҚМГ үшін қолайлы деңгейде екені анықталған;

• Контрагент қызметтер/жұмыстар көрсетуге, тауар, негізгі құрал жеткізуге қабілетті.

5.2.3. **Қызғылт сары** тәуекел деңгейі келесі жағдайларда беріледі:

• Контрагенттер тәуекелі жоғары: маркетинг, жарнама, PR, консалтингтік, заңгерлік, ақпараттық, нотариалдық қызметтер, оқыту, тренингтер, семинарлар, мерекелік және бизнес іс-шараларды, конференцияларды ұйымдастыру, брокерлік қызметтер, агенттер, АТ қызметтер, күрделі және ағымдағы жөндеу, құрылыс жұмыстары, үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды жалға алу бойынша қызметтер, жүк және жеңіл автокөліктерді, арнайы техниканы жалға алу бойынша қызмет түрлерін көрсететін болса. Тәуекелі жоғары қызметтердің көрсетілетін тізбесі толық болып табылмайды және ҚМГ өз қалауы бойынша толықтыруы мүмкін;

• Контрагенттің иеленушілері мен бенефициарларын ашық көздер мен деректер базасында растау мүмкін болмаса;

• Контрагент дәл келісімшарт жасау алдында тіркелген болса (360 күн және одан аз);

• иеленушілердің, меншік иелерінің, Контрагент басшыларының саяси маңызды тұлғалармен байланысы анықталса немесе олар осындай тұлға болып табылса;

- Контрагентке қатысты жария дереккөздерде теріс ақпарат табылса;
- Контрагентке/иеленушілерге, топ-менеджментке қатысты сыбайлас жемқорлық, пара, коммерциялық сатып алу және т. б. туралы істермен байланысты сот талқылаулары басталса;
- ҚМГ-нің жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы ішкі құжатына сәйкес декларацияланған мүдделер қақтығысы бар болса;
- алдыңғы үш жылда төлемдердің мерзімін өткізіп алу және ҚМГ алдындағы өтелмеген дебиторлық берешегі болса;
- Контрагенттің келісімшарттық міндеттемелерін орындау үшін операциялық қуаттарының жеткілікті болуына күмән бар болса;
- жетекші бес немесе одан да көп Контрагенттік компаниялардың басшысы немесе иеленушісі/ бірлескен иеленушісі болып саналса;
- Контрагент корпоративтік веб-сайт туралы ақпарат бермеген немесе ол жоқ болса;
- Контрагенттің заңнамада белгіленген ең төменгі шектен төмен жарғылық капиталы болса;
- Контрагенттің жалғыз байланыс нөмірі ұялы телефон болса.

5.2.4. **Қызғылт сары** тәуекел деңгейі бар Контрагент белгілерінің бұл тізімі толық емес. Тексеру барысында Жауапты бөлімше **қауіптің қызғылт сары** деңгейіне жатқызылуы мүмкін басқа да белгілерді анықтай алады.

5.2.5. Егер Контрагентке тәуекелдің **қызғылт сары** деңгейі берілген болса, өзара іс-қимыл жасау уәкілетті Лауазымды тұлға мақұлдаған жағдайда мүмкін. Жауапты бөлімше тексеру нәтижелерін Сұрау салу бастамашысына ұсынады. Бұл ретте банк кепілдігі болған жағдайда ғана өнім берушілерге кез келген алдын ала төлемді жүзеге асыру ұсынылады. Сұрау салу бастамашысы уәкілетті лауазымды тұлғаның корпоративтік электрондық пошта, ЭҚЖ бойынша келісу түрінде немесе лауазымды тұлғаның осындай Контрагентпен келісімшартқа қол қоюы арқылы мақұлдауын алады.

5.2.6. Тәуекелдің **қызыл** деңгейі төменде санамаланған өлшемшарттардың (стоп-өлшемшарттардың) кез келгенін белгілеу кезінде беріледі, тексеру материалдары Сұрау салу бастамашысына және уәкілетті лауазымды тұлғаға жіберіледі. Уәкілетті лауазымды тұлға осы Контрагентпен ынтымақтастықтың орындылығы туралы шешім қабылдайды:

- Контрагент бұрмалау белгілері бар құжаттарды ұсынды;
- жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың Мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы ішкі құжатқа сәйкес жарияланбаған мүдделер қақтығысы анықталды;
- Контрагент-резидент туралы жазба Қазақстан Республикасының корпоративтік тізілімінде жоқ;
- Қазақстан Республикасының корпоративтік тізіліміндегі Контрагенттің сәйкестендіру нөмірі Контрагент ұсынған деректерге сәйкес келмейді;
- Контрагент өзінің иелері туралы деректерді ашпайды;
- меншік иесінің немесе Контрагент басшысының сәйкестендіру нөмірі жарамсыз;
- Контрагент жосықсыз Контрагенттер тізілімінде бар (мемлекеттік тізілімдердің деректері бойынша);

- Контрагент, оның басшысы және/немесе иеленушісі/бірлескен иеленушісі олардың экстремистік іс-қимылға немесе терроризмге қатысы бар екендігі туралы мәліметтері бар ұйымдар мен жеке тұлғалардың тізбесінде тұр;

- Контрагент қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысында;
- Контрагент келісімшарт жасаудың болжамды күнінен кейін тіркелген;
- Контрагент ҚМГ-нің «Жедел желісіне» келіп түскен хабарламалар тізіліміне кіреді;

- Контрагент/иеленушілер/басшылар ҚМГ-мен үлестес компаниялар мен тұлғалардың тізімінде;

- Контрагент жекешелендіру тізімінде есепте тұр;

- Контрагент әрекет етпейтін заңды тұлға болып табылады.

5.3. **Қызыл** тәуекел деңгейі бар Контрагент белгілерінің бұл тізімі толық емес. Тексеру барысында Жауапты бөлімше қауіптің **қызыл** деңгейіне жатқызылуы мүмкін басқа белгілерді де анықтай алады.

5.4. Егер Контрагентке тәуекелдің **қызыл** деңгейі берілген болса, одан әрі өзара іс-қимыл туралы шешімді уәкілетті лауазымды тұлға ғана қабылдай алады (декларацияланбаған мүдделер қақтығысы, Контрагенттің жекешелендіру тізімдерінде болуы жағдайлары немесе Контрагенттің «Жедел желіге» келіп түскен хабарламалар тізілімінде болуы жағдайларын қоспағанда). Жауапты бөлімше тексеру нәтижелерін Сұрау салу бастамашысына ұсынады. Сұрау салу бастамашысы уәкілетті лауазымды тұлғаның корпоративтік электрондық пошта, ЭҚЖ бойынша келісу түрінде немесе лауазымды тұлғаның осындай Контрагентпен келісімшартқа қол қоюы арқылы мақұлдауын алады.

5.5. Жауапты бөлімше Контрагенттің декларацияланған/декларацияланбаған Мүдделер қақтығысын және/немесе ҚМГ үлестес тұлғаларының тізімдерінде болуын, Контрагенттің жекешелендіру тізімдерінде болуын анықтаған жағдайда немесе Контрагент «Жедел желіге» келіп түскен хабарламалар тізілімінде болған жағдайда, осы Саясаттың 5.11 – 5.17-тармақтарының ережелерін ұстану қажет.

Контрагентті лимиттелген тексеру

5.5. ҚМГ-де «Самұрық-Қазына» АҚ-тың электрондық алаңдарында өткізілген тендерлік процедуралардың нәтижелері бойынша Контрагентпен жұмыс істеуден, атап айтқанда ашық немесе ашық екі кезеңді тендер өткізуден, баға ұсыныстарын сұратудан және осы Саясаттың 4.3.3-тармағына сәйкес бір көзден алумен өткізуден бас тарту мүмкіндігі болмаған жағдайда, Сұрау салу бастамашысы Жауапты бөлімшеге жеңімпаз деп тануға жоспарланып отырған өнім берушіні лимиттелген тексеруге сұрау жібереді.

5.5.1. **Заңды тұлғалар, жеке тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін Жауапты бөлімше:**

- Контрагенттің басшысы, иеленушісі немесе бірлескен иеленушісі туралы деректерді жинауға тиіс (мүмкіндігінше жеке тұлғаға немесе тұлғаларға меншік құқығын белгілеу қажет). Егер тексерілетін Контрагенттің мажоритарлық иеленушісі (50 проценттен астам иелену үлесі бар заңды тұлға) «жасыл» тәуекелі бар

компанияларға жататын болса, осы Контрагентті тексеру аяқталуы мүмкін. Олай болмаған жағдайда, Жауапты бөлімшенің жұмыскері келесі қадамдарға көшеді.

- Контрагенттің басшылары мен иеленушілері/қоса иеленушілері ҚМГ жұмыскерлері болып табылатынын-табылмайтынын тексеру;

- Контрагенттің, оның иелерінің және басшысының ҚМГ үлестес тұлғаларының тізімдерінде болуы туралы мәліметтерді тексеру;

- жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардағы мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы ҚМГ-нің ішкі құжатына сәйкес мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты тіркеу және жүргізу үшін Контрагент басшысының және/немесе иеленушісінің/қоса иеленушілерінің журналға қатысуын тексеру.

5.9. Лимиттелген тексеру нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда, өнім берушіні таңдауды тендерлік комиссия жүзеге асырады.

5.10. Декларацияланған/декларацияланбаған мүдделер қақтығысы және/немесе ҚМГ үлестес тұлғаларының тізімдерінде Контрагенттің болуы, жекешелендіру тізімдерінде Контрагенттің болуы анықталған кезде немесе «Жедел желіге» келіп түскен хабарламалар тізілімінде Контрагент болған жағдайларда, осы Саясаттың 5.11-5.17-тармақтарының ережелерін ұстану қажет.

Мүдделер қақтығысы

5.11. Декларацияланбаған мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, мән-жайлар айқындалғанға дейін мұндай Контрагентпен келісімшарт жасауға тыйым салынады.

5.12. Декларацияланған мүдделер қақтығысы және/немесе саяси маңызы бар тұлғалармен байланыстар анықталған жағдайда осы Контрагентпен одан әрі өзара іс-қимылды мақұлдауды уәкілетті лауазымды тұлға ғана қабылдай алады. Корпоративтік электрондық пошта, ЭҚЖ бойынша немесе осындай Контрагентпен уәкілетті лауазымды тұлғаның келісімшартқа қол қоюы арқылы Контрагентпен жұмысты келісу мақұлдау болып табылуы мүмкін.

5.13. Тендерлік комиссияның мүшелері декларацияламаған мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, декларацияланбаған мүдделер қақтығысы бар тендерлік комиссияның мүшесі Контрагентті таңдау процесінен шеттетілуге тиіс (Контрагентті таңдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ).

5.14. Тендерлік комиссияның мүшелері декларацияған мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, тендерлік комиссияның осы мүшесі Контрагентті таңдау процесінен шеттетілуге тиіс (Контрагентті таңдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ).

5.15. Мүдделер қақтығысын одан әрі реттеу ҚМГ-нің жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚМГ үлестес тұлғаларының тізімі

5.16. Осы тізімде Контрагент, оның басшысы немесе иеленушісі анықталған жағдайда осы Контрагентпен жұмыс істеу немесе келісімшарт жасау тоқтатыла тұрады. Жауапты бөлімше Сұрау салу бастамашысына 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

«Жедел желіде» келіп түскен хабарламалар тізілімінде және/немесе Жекешелендіру тізімдерінде Контрагенттің болуы

5.17. Осы тізімдерде Контрагент, оның басшысы немесе иеленушісі анықталған жағдайда осы Контрагентпен жұмыс істеу немесе келісімшарт жасау тоқтатыла тұрады. Жауапты бөлімше 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сұрау салу бастамашысына хабарлайды.

Контрагентті сұрау салу бойынша тексеру

5.18. Контрагентті сұрау салу бойынша тексеру міндетті емес болып табылады, ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша жүзеге асырылады және жекелеген фактілерді анықтау мақсатында Контрагентті кешенді тексеруді немесе 5.1-тармақта санамаланған кешенді тексеру элементтерін қамтуы мүмкін.

6. Контрагентті тексеруге арналған ақпарат көздері

6.1. Контрагентті тексеру мақсатында Жауапты бөлімше мынадай ақпарат көздерін пайдалана алады:

6.1.1. Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының және ТМД-ның басқа мемлекеттерінің Kompra.kz және Spark Interfax тәрізді Контрагенттер туралы ақпараттың автоматты агрегаторлары;

6.1.2. D&B Hoovers, ICIJ Offshore Leaks Database, OpenCorporates және т.б. сияқты шетелдік Контрагенттер туралы мәліметтер базасы.

6.1.3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті сияқты ресми мемлекеттік корпоративтік тізілімдер⁸;

6.1.4. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі порталы;

6.1.5. заңды және жеке тұлғаларды саяси маңызы бар тұлғалармен, ұйымдасқан қылмыстық топтармен және басқа да тәуекелдермен байланысты тексеруге арналған World-Check мәліметтер базасы⁹;

6.1.6. қолжетімді сот тізілімдері;

6.1.7. БАҚ деректері және өзге де ашық ақпарат көздері;

6.1.8. Контрагент туралы жағымсыз сипаттағы ықтимал ақпаратты қамтитын жұмыс берушілер/клиенттер/серіктестер туралы пікірлер бар форумдар;

6.1.9. Контрагенттің негізгі тұлғалары туралы ақпаратты тексеруге арналған LinkedIn, Facebook, VK.kz және т.б. сол сияқты басқа әлеуметтік желілер.

7. Контрагентті тексеру нәтижелері

⁸ <http://stat.gov.kz/>

⁹ Көрсетілген базаға кіру ақылы жазылу бойынша жүзеге асырылады

7.1. Контрагенттің сенімділігін тексеру ашық сыртқы және ішкі ақпарат көздерінен алынған деректерді пайдалана отырып, сондай-ақ Контрагент ұсынған құжаттар негізінде тиісті құрылымдық бөлімшеден сұрау салуға бастамашылық жасалған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

7.2. Контрагент туралы алынған деректерді жинау және талдау нәтижелері бойынша Жауапты бөлімшенің жұмыскері досье жасайды және бастамашыға сұрау салу жіберу үшін есеп қалыптастырады (№4 қосымшаны қараңыз). Досьеге Контрагенттің толтырылған сауалнамасы, тиісті Контрагенттен алынған құжаттар қоса берілуге тиіс (№1, 2-қосымшаларды қараңыз).

7.3. Контрагентті тексеру нәтижелері Контрагентпен өзара қарым-қатынас аяқталғаннан кейін электрондық түрде кемінде үш жыл сақталуға тиіс.

7.4. Контрагенттерді тексеру нәтижелері Контрагенттерге немесе өзге үшінші тұлғаларға толық немесе ішінара беруге жатпайды.

8. Контрагенттердің сенімділігіне тексеру жүргізудің кезеңділігі

8.1. ҚМГ шарт жасаған Контрагентті тексерудің қолданылу мерзімі екі жылды құрайды.

8.2. 8.1-т. көрсетілген мерзім өткеннен кейін және Контрагентпен іскерлік қатынастар сақталған жағдайда, осы Саясаттың талаптарына сәйкес Контрагентке қайта тексеру жүргізіледі.

8.3. Сұрау салу бастамашысына Контрагенттің негізгі тұлғасы және/немесе меншік иесі ауысқаны туралы белгілі болған жағдайда, Контрагентке кезектен тыс тексеру жүргізілуге тиіс.

КОНТРАГЕНТТІҢ САУАЛНАМАСЫ

А БӨЛІМІ: Жалпы мәліметтер (Контрагент толтырады)	
Занды тұлғаның атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) немесе өзге сәйкестендіру нөмірі (шетелдік компаниялар үшін):
Тауар белгісі	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН; жеке тұлғалар үшін):
Занды мекенжайы	Қаласы
	Пошта индексі
Нақты орналасқан жерінің мекенжайы	Қаласы
	Пошта индексі
Ел	Аймақ/Облыс
Телефон	Факс
Электрондық пошта мекенжайы	Ұйымның сайты
Тіркелген күні мен орны	
Негізгі қызмет түрі	
Бас бухгалтердің Т. А. Ә.	
Бас бухгалтердің Т. А. Ә.	
Қызмет көрсететін банктің атауы (шоты «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-пен төлемдер жүргізуге арналған деректемелерде көрсетілетін банк көрсетіледі)	
Банк шотының нөмірі	

Б БӨЛІМІ: Иелену құрылымы (Контрагент толтырады)

Акционерлер мен компанияны бақылайтын тұлғалар, оның ішінде соңғы бенефициарлар туралы ақпарат беріңіз

Бас директор/Басқарма/Директорлар кеңесі

Еншілес компаниялар мен филиалдар туралы ақпарат беріңіз

В БӨЛІМІ: Тәуекелдер туралы ақпарат (Контрагент толтырады)

Сұраққа берілген жауаптың бірін қоршап сызыңыз және қажет болған жағдайда қосымша ақпарат беріңіз.

Компания немесе компания жұмыскерлері қазіргі уақытта (немесе соңғы бес жыл ішінде) алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, салық төлеуден жалтару, кеден заңнамасын бұзу немесе экономикалық санкциялар бойынша айыптауларға байланысты тергеу үстінде ме?

ЖОҚ ИӘ. Қосымша ақпарат беріңіз:

Компания еншілес компанияларды, филиалдарды, әріптестіктерді немесе бірлескен компанияларды қоса алғанда, өзге заңды тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді), сондай-ақ компанияның жұмыскерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларды «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен операциялар жасау мақсатында пайдалануды жоспарлап отыр ма?

ЖОҚ Иә. Заңды/жеке тұлғаның Т. А. Ә. және мекенжайын беріңіз, сондай-ақ осы тұлғалардың компаниямен байланысын және компания үшін қандай қызметті жүзеге асыратынын түсіндіріңіз:

Сіздің компанияңызға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясы төлейтін ақша қаражатының бір бөлігін аудару көзделетін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жұмыскерлері туралы білесіз бе? Сіздің компанияңыздан ақша қаражатын алатын, акционерлер болып табылатын немесе сіздің компанияңызда қоса атқарумен жұмыс істейтін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жұмыскерлері туралы білесіз бе?

ЖОҚ Иә. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жұмыскерінің Т. А. Ә., лауазымын және сіздің компанияңызбен өзара іс-қимыл жасау түрін беріңіз:

Сіздің компанияңызда соңғы қаржы жылында төлеу мерзімі жеткен компания активтерінің 25%-нен асатын салықтар мен өзге де алымдарды (бюджеттен тыс төлемдерді қоса алғанда) төлеу бойынша қандай да бір берешек бар ма?

ЖОҚ ИӘ. Қосымша ақпарат беріңіз:

Сіздің компанияңызға қарсы қандай да бір тарату процедураларына бастамашылық болды ма?

ЖОҚ ИӘ. Қосымша ақпарат беріңіз:

Сіздің компанияңыз ресми түрде банкрот деп танылды ма?

ЖОҚ ИӘ. Қосымша ақпарат беріңіз:

Қазақстандық заңнаманың талаптарын бұзу салдарынан компания қызметін мәжбүрлеп тоқтата тұру шаралары қолданылды ма?

ЖОҚ ИӘ. Қосымша ақпарат беріңіз:

Бас директор немесе өзге де уәкілетті тұлға:

Қолы:

Күні:

Сұратылған ақпараттың қандай да бірі ұсынылмаған жағдайда сауалнама одан әрі толтыру үшін қайтарылады.

Жауапты бөлімшенің жұмыскері Контрагенттің тексеру нәтижелеріне Контрагенттің сауалнамасын тіркеп қоюға тиіс. Контрагентті тексеру нәтижесі Контрагентпен өзара қарым-қатынас аяқталғаннан кейін кемінде екі жыл сақталуға тиіс.

№ 2 қосымша Контрагенттің досьесі

Контрагент құжаттарының төменде санамаланған көшірмелері мөрдін түпнұсқа бедерімен және «Көшірме дұрыс» деген жазумен (көшірмесін куәландырған Контрагент жұмыскерінің қолын, лауазымын және Т.А.Ә. (заңды тұлғаның Бас директоры немесе жеке кәсіпкер озі) расталуға тиіс.

- 1) Контрагенттің толтырылған Сауалнамасы;
- 2) Құжаттарды сұратуға дейін күнтізбелік 14 күннен кешіктірмей алынған, осы заңды тұлғаның құрылтайшылары көрсетілген тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтаманың көшірмесі;
- 3) Құжаттарды сұратуға дейін 14 күнтізбелік күннен кешіктірмей алынған заңды (жеке) тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы анықтаманың көшірмесі;
- 4) Салық органында есепке қою туралы Контрагент куәлігінің көшірмесі;
- 5) Тіркеу туралы мөртабаны бар Жарғы көшірмесі;
- 6) Бас директорды тағайындау туралы Контрагенттің басқарушы органының шешімінен үзінді; Бас директор мен бас бухгалтерді тағайындауға байланысты ішкі бұйрықтар; сенімхаттардың көшірмелері (егер қолданылса);
- 7) Солардың шеңберінде ҚМГ-мен өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне сәйкес лицензиялар мен сертификаттардың көшірмелері (егер қолданылса);
- 8) Ағымдағы сот процестері туралы ақпарат (онда Контрагент талап қоюшы, жауапкер немесе үшінші тарап ретінде қатысатын (егер қолданылса); олай болмаған жағдайда Контрагенттің қандай да бір сот процестеріне қатыспайтындығының растауы;
- 9) Қолданыстағы жалдау шарты немесе орналасқан жерінің мекенжайына меншік құқығы туралы (Контрагенттің заңды мекенжайын растайтын) куәлік ;
- 10) Салық органының мөрі бар соңғы есепті күнге қаржылық есептіліктің көшірмесі;
- 11) Контрагенттің салық салудың оңайлатылған жүйесін пайдалануы туралы тиісті салық органы берген хабарлама (егер қолданылатын болса);
- 12) Салық органының банктердегі ашылған шоттар туралы ақпараттық хаты.

№ 3 қосымша. Алынған сұрау салулардың, жүргізілген тексерулердің тізілімі

№	Тексеру жүргізуге сұрау салу күні	Бастамашының департаменті	Контрагенттің атауы мен сәйкестендіру нөмірі	Контрагенттің түрі (клиент/өнім беруші / басқасы)	Контрагент тәуекелінің түрі	Тексерудің аяқталу күні	Тексеру түрі	Тексеру қорытындысы бойынша есеп
1								
2								
3								

№ 4 қосымша Контрагентті тексеру туралы есеп

КОНТРАГЕНТТІ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП	
Тексеру жүргізу үшін негіздеме (шарт жасау/жоспарлы тексеру/сұрау салу бойынша тексеру)	
Өтінім нөмірі	
Контрагент туралы жалпы ақпарат	
Атауы	
Ұйымдық-құқықтық нысаны	
Сәйкестендіру нөмірі	
Ел	
Занды мекенжайы (қала, көше, үйдің/құрылыстың нөмірі, кеңсе)	
Акционерлері мен басшылары (ТАӨ)	
Контрагент банкінің атауы	
Контрагенттің сайты	
Тексеру қорытындысы	
Берілген тәуекел рейтингі	
Жасыл ☐	Қызғылт сары ☐
Қызыл ☐	Лимиттелген тексеру ☐
Мүдделер қақтығысы (бар болған жағдайда)	Декларацияланған ☐ Декларацияланбаған ☐
ҚМГ үлестес тұлғалары тізімінде Контрагенттің болуы	
Иә ☐	Жоқ ☐
Жекешелендіру тізімінде Контрагенттің болуы	
Иә ☐	Жоқ ☐
«Жедел желіге» келіп түскен хабарламалар тізілімінде Контрагенттің болуы	
Иә ☐	Жоқ ☐
Келісілген төлем шарттары	
Анықталған тәуекел факторлары:	
Уәкілетті лауазымды тұлға:	Күні:
Сұрау салудың бастамашысы:	Күні: